

П И О Н Е Р



ОКТАБРЬ

1954 ЖЫЛ

№ 10

МҮСІН

Мәрмәр тастан, еңселі
Аманкелді мүсіні.
Көрсен көңіл толады,
Ер коммунист пішінін.

Қыран қабақ астынан
Кең өлкемді шолғандай,
Алатаудай айбары
Ерлікке ту болғандай.

Қарайды ол сүйсініп,
Арманына гүл атқан.
Жаңа таңда сақшыдай,
Батыр түспей тұр аттан.

Ғалым Сейтназаров.



Айына бір рет шығады.

ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 10
ОКТЯБРЬ
1954 жыл.

Шығуына 16 жыл.



ДОСТАР

Бірге барса класқа,
Бірге отырса партада,
Балалық балғын бұл жаста
Дүниеде достық арта ма

Тату өссе қаз-қатар,
Білімді, ойлы ержетер;
Еңбектің отын маздатар —
Елін де шыңға өрлетер.

Сәушенің Жаңа достары

Сансызбай Сарғасқаб



Повестен үзінді

Захар Кузьмичтің Москвадан келген хабары мектепке де тез тарады. Бұл күндері Қайсар Захар Кузьмичке қаншама жолығуға тырысса да жолы болмады. Бір-екі рет клубта болған кездесуге барғанмен кіре алмай қайтты. Халық соншама көп, жол берер емес.

Ақыры үзіліс кезінде Әлімді тақтаның қасына оңашалап шақырып алып, өзінің ойын айтты.

Әлім бұған дереу қосылды.

— Дұрыс айтасың. Селода ол кісімен жолыға алмайтын болдық. Онан да үйіне барайық. Бүгін өз үйіне кетті, дейді.

— Онда жолымыз болады екен, — деп қуанды Қайсар бұл хабарды естігенде. — Отрядқа келуге де шақырайық ол кісіні. Бәлкім келер-ә?

— Әрине келеді, — деп Әлім тақ ете түсті.

Сонымен бұлар кешкісін кездесуге уәделесті.

Әлімде, тіпті Қайсарда Әушенді ілестіреміз деген ой болмады. Олар сол күні кешкісін қайнар түбіндегі көпірге келіскен мерзімінде келді. Түн қараңғы еді. Аспанда маржандай жалт-жұлт етіп жұлдыздар жымындайды. Самал лебімен қураған шөп бастары шу-шу етеді.

— Ешкім білген жоқ па? — деді Қайсар ұрлана сөйлеп.

Жалғасы. Басы өткен номерлерде

— Жок, терезеден шығып кеттім, — деді Әлім де сыбырлап.

— Ал, кеттік.

Жүре берген де:

— Ей, балалар! — деген нәзік дауыс естілді.

Бұл кім? — деді Әлім селк етіп.

— Мен ғой, — деді шолақ пальто киген қыз қасына келе бере.

Қайсар даусынан таныды.

— Әушенбісің?

— Ия.

— Саған не жок, — деді Әлім қасына жетіп барып. — Кім шақырды, сені?

— Өзім келдім, — деді Әушен жайдары үнмен.

Даусынан мақтаныш сезіледі. Қолында кішкентай сумкасы бар.

— Түу, жүгіремін деп, шаршап қалғаным, — деді көпірдің шетіндегі құлап қалған ақ тастың үстіне отыра беріп.

Әлім Әушеннің ілескенін жақтырмай біраз сөз таластырып еді, кете қояр емес.

— Несі бар. Қайта көңілді болады, — деді Қайсар. — Тұрмайық.

Әлім лажсыз көнді.

Колхоздың алма бағы поселкеден 3—4 шақырымдай жерде еді. «Жаңа жол» колхозына баратын жолдың бойында болатын. Захар Кузьмич те сонда тұрады. Бұл жол Қайсарға жақсы таныс. Енді ол іркілмей бастады. Қара жол дөңнің басына шыққан соң еніске қарай бұрылып поселкенің аяқ жағындағы моланы жанай орала, екінші дөңге шығады. Тік кетсе жол жақын болар еді, бірақ екі дөңнің қапталы жаңа жыртылған аңыз. Үшеуі жол ортасында шанды бұрқыратып жүгіре басып келеді. Әушен мен Әлім жарыса сөйлеп, аузына дамыл жок.

— Сендердің бүгін баратындарыңды клас-та-ақ білдім. Қайсар, сен Әлімді тақтаның қасына шақырдың ғой. Сонда мен тақтаның артында тұрғанмын. «О, қулар-ай жасыра беріңдер, бәрібір білдім» деп қойдым ішімнен. Сонан соң жаңа әзірде сенің кетіп бара



жатқаныңды көрдім терезеден. Дәл біздің үйді сүйкене өттің ғой,— деді Әушен Әлімге.

— Енді қайтейін жолдың бәрін су алып кетіпті,— деді Әлім солғын үнмен.

— Тағы да «е» — дедім ішімнен. Ілесе шығайын деп ем, мамам асқанадан кетпей-ақ қойғаны. Әрең шықты-ау. Сосын наннан кесіп алып дорбаға сала салдым. Конфеттен де уыстап қалтама салып үлгіргенім сол...

— Оны қайтейін деп ең?

— Міне, қызық. Жемейміз бе,— деді Әушен шамданып қалып.

— Үлкен бір жорыққа шыққанға ұқсайсың ғой өзің,— деп күлді Қайсар.

— Енді не?

— Біз қартқа қонаққа барамыз.

— Бәрібір керек болады,— деді Әушен сумкасын сілтеп қойып.— Қарашы біздің поселкені!

Бұлар екінші қырды қапталдап бұрыла жүріп келеді. Сол жақта жаңа әзірде тұсынан өткен молалар қарауытады.

— Неткен қорқынышты,— деді бір кезде Әушен.

— Тсс,— деп Қайсар жеделдете басты.

«Гу-гу!» дейді жел.

«Су-су» етеді өсімдіктер.

«Дүрс-дүрс» соғады жүрек.

Қарсы алдынан бірнәрсе жылт ете қалғандай болды.

— Ойбай! — деді Әушен жалт беріп.

— Ол не? — деп Әлім де жолдан ытқып шықты.

— Бір нәрсе жылт етті,— деді Әушен күрмеле.

Отты Қайсар да көрді. Енді ол бірте-бірте жақындай түсті. Бірде лап етсе, бірде кішірейе қалады. Өзі де қорқайын деді. Жүрегі дір етіп, бойы мұздап кетті.

— Бәлкім қасқыр болар. Түнде көзі қызыл болады дейді ғой,— деп Әушен сыбырлады.

— Мүмкін,— деп қостады Әлім де оны.— Өткен жылы Асанның қорасына түсіп тауығын жеп кетіпті ғой.

— Енді қайттік! — деді абыржыған Әушен.— Ойбай, бірнәрсе шулайды.

Енді ол ұшып тұрып ойға қарай қашты.

— Мама! — деп жылап барады.

— Тоқта, Әушен! — деді от шыққан жақтан көз алмай тұрған Қайсар дауыстап.— Машина келе жатыр!

— Машина! — деп Әлім де айғайлап жіберді.

Әушен анадай жерге барып, аңырып қа-

рап қалды. Ол ойға қарай ағып келе жатқан машинаны көріп:

— Машина, машина! — деп балаларға жүгірді.

Үстінде бір топ адам өлең айтып отырған машина шанды будақтатып балалардың қасынан өте шықты. Жаңағы қорқынышты өзімен бірге алып кеткендей.

— Ой, қоркак! — деп күлді Қайсар.

— Қайдан білейін. Әжем түнде моланың қасынан жүрме. Өлген адамдар көрден шығып от жағып жүреді дейді,— деп Әушен орынсыз үрейді ақтамақ болып еді, Қайсар қолын бір сілтеп:

— Былшыл,— деді.— Немене сен әжеңнің бұл сөзіне сенесің бе?

— Қайдан білейін.

Әушен күмілжіп еді, Қайсар қайтарып тастады:

— Тағы да пионермін дейсің-ау!

— Енді мен ешуақытта мұндай сөзді айтпаймын,— деді Әушен қысылып.

— Міне, келдік! — деді Қайсар бір кезде алғы жаққа қол созып.

Алыстан от жылт етіп көрінді. Үрген иттің даусы естілді.

Захар Кузьмичті өзеннің жағасынан тапты. «Шарбақтының» өзені тулап жатыр. Толқыны биік жар қабаққа соғып гүр-гүр етеді. Кей жерде қалың қамыс, көк құраққа кіріп жайылып кетсе, енді бірде биік жардың ортасына тығылып, долдана бұлқынады. Мұндай жердің ені тар болғанымен иірімі көп.

Өзен жағасына құраған тал шыбықтарды жыйнап қойыпты. Бейтаныс бір бала оларды тізесіне салып мықшыя тартып қалса, күрт-күрт сынады. Сындырған отынын өзеннің дәл жиегінде жанып жатқан отқа әкеп салады. От жалп етіп жалыны көкке өрлеп маздай түседі.

— Е, жолдарың болсын,— деп Захар Кузьмич балаларды дәл бүгін көптен жақсы таныс жақын адамдарындай қарсы алды.— Кәне, отыра қалындар... Аздап жылынайық...

Балалармен танысқан соң Захар Кузьмич:

— Жақсы келдіңдер. Кәне, бәріміз де балық аулайық,— деді.

Қайсар енді байқады, от жалынымен өзен жиегінде қарауытып әлде не шайқалады.

«Е, қайық екен ғой,— деп ойлады Қайсар,— оның қажеті не?

Қарт орнынан тұрды да арт жағында жатқан ұзын таяқтарды алды.

Эртаяқтың басына шүберек байланыпты. Отқа шетін тигізіп еді, маз ете түсті. Шамасы әлде-бір май жаққан болу керек. Қайсар да, Әлім де, Әушен де бір-бір таяқты

жағып алып, төбесіне көтеріп маз болысты.

— Оһо, қандай жарық! — деп қуанды Қайсар. Әушен, тіпті, секіріп-секіріп қойды.

Шал балаларды ілестіріп қайықтың қасына келді.



Тапалша келген, жұмыр бет, торсық шеке, әлгі кара бала бұлардан бұрын қайықтың үстіне секіріп шықты.

— Қайрат-жан, — деді қарт. — Мә, мына екеуін қайықтың алдына байла.

Әлгі Қайрат деген бала бұл іске әбден машық болуға керек. Екі таяқты алды да, үн қатпастан қайықтың алдыңғы ернеуіне бекіте бастады. Қалған екеуін Захар Кузьмичтің өзі бекітті. Жарық түскен су үсті күмісше жалтырайды. Су бетін жарыққа төсеп бұлаң қағады. Тіпті, тамаша!

— Түнде жарыққа балық әуес келеді. Олар қай жерде жарық болса соған үймелейді, — деп түсіндірді шал.

Қайсар ойлағандай Қайрат тұйық емес екен. Балық аулаудың үстінде оған өзін таныстырып та өтті. «Көктөбенің» бауырындағы «Жаңа жол» колхозындағы он жылдық мектептің V-класында оқытынын айтты.

— «Көктөбені» білесің ғой алыс емес. Осы арадан 5—7 километр, — деп қойды ол.

— Сендер мұнда отырсындар ғой. Ал, мен қайық үстінде отырамын деп, әбден зеріктім, — деп бір кезде Әушен Қайсарлардың қасына жетіп келді. — Қызық, қайық шайқалып кетсе, құлап қаламын ба деп үрейім жаман ұшты. Әрең отырдым. Осы да қызық па? Суға телміріп отырасың да қоясың.

Қарт көңілді еді. Ауға түскен балықтар көп-ақ. Жиікке шыққан соң шоршып, өзендегі тентектігін көрсетпек болғандай, бұлқан-талқан болады. Дегенмен бірте-бірте әлсіреп, әлден соң сұлқ түседі.

Захар Кузьмич оттың жанына келіп отырғанда;

— Ата, бізге бір қызық әңгіме айтыңызшы, — деді Қайсар өтіне.

Оның тілегін басқалар қостады.

— Ата айтыңызшы!

Захар Кузьмич жайдары, әзілшіл болғанмен сөзге сарандау екен. Балалардың колқасын қыя алмады ол. Бір пәс ойға кеткендей қатпарлы мандайын жыйырынқырап отырды да, қозғалып қойып сөзге кірісті. Қарлықан даусы тым баяу шыққанмен, әр сөзінің нәрі көп еді. Шатырлап жанған кебу ағаш жалыны бірде өрлеп көкке көтеріліп, бірде жалп етіп шалқыйды. Қарт жүзін от жалыны арайландыра түскендей. Әсте сабырсыз дейтін Әушеннің өзі де анырып, тесіле қарап қалған. Қайрат әңгімені көзін қысыңқырай күлімдеп отырып тындаса, ал Қайсардың жүзі әңгіме ырғағына ілескендей құбылып отырды. Бірде қабағы түйіліп катуланса, бірде жайылып сала береді. Сөз қызықтыра түскендей, ой салғандай оған.

...Қанды айкас. Азғана топ партизандар күші басым жау тегеуірініне болаттай төтеп қана қоймай, дәл мезетінде ойсырата соққы беріп тұр. Тау ішінде көк түтін көлбеп, мылтық даусы жаңғырықтырады.



Кең ыйықты, ұзын бойлы, сом денелі партизандар командирі бір сәтте:

— Қоршауды бұзып өту керек! — деді. Даусы тұжырымды шешімге келгендей нық шықты.

Қатулы қабақ, қатаң ажар. Түтіккен, шыныққан. Майдан отына қарылған. Тамыр салмақты соғады. Бүлк етпейді. Командир хабарын бір топ партизандар үнсіз тыңдады. Осы бір үнсіздіктің өзі түйінгендік еді. Тек қоңыр жүзі шаңғытқан жас жігіттің кішірек көзінде әлде-бір үрей жылт етті. Жалтақтайды. Осы бір шоғыр тастар берік қалқан тәрізді оған. Арасынан шығу қорқыныш төндіргендей. Қыпылықтайды. Мұны командир аңғарып қалды.

— Қорықпа Оспан. Батылға оқ дарымайды, найза батпайды, — деді жүзіне күлкі үйіріп.

Үрей алқымына тығындалғандай, кең ауа тапшылық еткендей кеудесін кере бір дем алды жігіт. Жымыйғансыды. Бірақ, жалтақ жымыйыс.

— Қорықпа. Бекем бол, — деді командир.

— Ал, жігіттер әзірленіңдер!

Жас жігіт Оспанды қарқынды леп іліп әкеткендей болды. Екі құлағы тас бітеліп, көзі тұманданып кетті. Тек дәл қасында командирдің келе жатқанын сезінді. Белгісіз күшті жүрегіне құйғандай, тамырларын шымырлатып денесіне тарап барады. Жарылған граната. Айғай-шу. Осы сәтте салмақты нәрсе соғып өтті Оспанды. Ауырсынбағанмен жалп құлады. Бойда күш сусып бара жатқандай. Дауыс орнына әлсіз дыбыс шығады. Ауыр, салмақты тыныштық орнады.

Азғантай партизандардың берік деген қоршаудан шығып кеткеніне жау бұлқан-талқан болып шабынды. Енді қалың ағаш қойнауына кіргізбеуге тырысты. Партизандар қоршауды бұзып шығып, жауға соққы бере шегініп бара жатты. Командир қасында келе жатқан Оспанның құлағанын алғаш көрген жоқ. Ұрыс қызуы аңдатпады. Енді ұзақырай бере жан-жағына қарады. Оспан жоқ. Партизандар шегініп бара жатып тоқтай қалып, жауға оқ жіберуде. Сол сәтте, жана әзірде өздері өткен жерде етпеттей жатқан Оспанды бөркінен таныды. Кідіруге мұрша жоқ. Жау анталап келіп қалды.

Командир кейін жүгірді. Мұны көрген партизандар аң-таң. Тек Оспанның қасына жетіп барып еңкейгенде білді мәнісін. Енді тағы да бір-екі партизан ұмтылды. Жаудың үш солдаты осы кезде жақындап келіп қалған



еді. Командир оның бірін атып түсірді. Ал, екіншісі партизандар оғына ұшты...

Командир Захар Кузьмич екен. Ал, Оспан деген жігіт Қайраттың атасы. Мұны Қайрат айтты.

Біраз тыныштық орнап қалды.

— Міне, қызық әңгіме. Осындай әңгімелерді ұнатамын, — деді Әлім аңқылдай сөйлеп.

Қайсар ойда. Қабағы салыңқы. Сәлден соң басын көтеріп:

— Сіз Қайраттың атасымен сонан бері таныссыз ба? — деп сұрады.


— Ия. Тек таныс емеспіз, доспыз.

— Ой! — деді Әушен танданып. — Қандай ұзақ мерзім.

— Таңғалатын түгі де жоқ, — деп қайырып тастады Қайсар. — Нағыз берік достық деп осыны айту керек.

— Дұрыс айтасың, — деді Қайрат, — достық берік болуға керек.

Бұл кеште әңгіме ұзаққа созылды. Әркімнің алған әсері де өзіндік. Әушен әңгімені қызық болды десе, Қайсар ойдүниесі жаңғырыққандай. Берік достықтың астарлы, терең, мәні бар шырынды түйінін жүрегіне түйді ол.



Жаттың сырғы

Әңгіме

— Кеше түсте колхоздың карагер құна-нын мініп кеткен қайсысың, шық бері!

Қластағы пионерлерде үн жоқ.

— Ау, балалар, мен кімге айтып тұрмын, карагер құнанды қайсысың міндіңдер дей-мін!?

Қласс іші тағы да тым-тырыс.

Пионерлер жыйынының үстіне ат қамшы-сын қымқыра ұстап, оқыс кіріп келген кол-хоз почташысы Жылқайдың аузынан шық-қан бұл сөздер, сол қамшы отырғандарды осып-осып жіберетіндей қатты да, қаларлы еді. Жыйындағылар жым болып, тына қал-ды. Почташы сіркесі су көтермей, ашуға булығып, түтігіп кеткен.

Аға пионер вожатыйы Пану жыйындағы бұл үнсіздікті бірінші бұзды.

— Ата, қажып келіпсіз ғой, мынау орынға отырыңыз. Құнаныңызды балалардың бірі мінсе, көптеп-көмектеп табармыз, бірақ бол-ған істі басынан баяндаңызшы.

— Қажымай қайтейін, Пану қарағым, — деді Жылқай қарт тымағын шешіп, бір парта-ның шетіне әрең сыйып отыра кетіп. — Кеше түсте почтаны тапсырып, ауылсоветтің кең-сесінен шықсам, есік алдындағы кермеде байлаулы тұрған атым ұшты-күйлі жоқ.

Содан іздемеген жерім, сұрастырмаған ада-мым қалмады. Өзім осынау отыз шақырым жердегі ауданнан ат соғып шаршап келіп едім, кешеден сол атты іздей-іздей одан бе-тер сілем құрып, табанымнан тозып жаңа келе жатсам, бригадир Кәрімнің әйелі қар-сы ұшырасып: құнаныңмен кеше біреу диір-менге қарай шауып барады екен, кім екенін түстеп айыра алмай қалдым, әйтеуір үстін-дегі адам көзге қораштау көрінді. Мен білсем сол оқушы балалардың бірі деді. Соны естіп, осында кеп тұрмын. Қайтіп кү-йінбессін, Пану қалқам! Өзі жолдан еті қы-зып келген ат, таң асуы керек еді, шөп ба-сын шалып қойды ма деп тағы зәрем жоқ. — Сөйдеп ол маңдайының терін сүртіп, қам-шысымен еденді тықылдатты.

Жылқай қарттың бұл сөзі барлық пионер-лердің де, аға пионер вожатыйы Панудың да көңлін қатты толқытты. Өзіміздің қарт әкемізді өстіп біреу әуреге салып қойса қай-тер едік дегендей қарт кісіге біртүрлі бір аяныш, есіркеу сезімі туды.

Бұл кезде жолдастық-достық мәселесі талқыланып жатқан пионерлер жыйыны бі-туге таяу қалған еді.

— Ал, балалар, келіп қалған екен, Жыл-

қай атай айтқан мәселені де шеше кетелік,— деді Пану,— қане, мінгендерің болса айтыңдар да, кешірім өтініңдер, жұмыс адамын ұстамайық.

— Я, я, сөйтіндер, қалқаларым, атым табылса болды, ұрыспаймын,— деді Жылқай қарт та ашуын басып.

Жыйында отырғандар әлі де тым-тырыс. Тек масаның ызыны, Жылқай қарттың қамшысының ақырын тықылдағаны ғана естіледі.

— Әлде біреудің мінгенін көргендерің бар шығар? Немесе соны айтыңдар, сендер көпсіңдер ғой. Мұны неғып көрмедіңдер екен, ә? — деді Пану тағы да отырғандарға шола қарап.

Бұл сөзге де тіс жарып ешкім ештеңе дей қоймады. Тек әлден уақыттан соң завхоздың баласы Бәйтен тұрып:

— Үйлері егіс басындағы немесе фермеде тұратын балалар болмаса, Жылқай атайдың қарагерін мұндағы біз мініп қайтейік,— деп, аузын томпайтты.

Содан алыста тұратын балалардан сұрастырыла бастады. Олардан біреу шығып екі көзі жыпылықтап, таң-тамаша боп:

— Біз кеше топталып бәріміз бірге қайтқамыз. Мінсек, міне өздері де отыр, сұраңыздар! — деп дәлел айтты.

— Ол рас, бәріміз бірге қайтқамыз, біздің ішімізде ешкім мінген жоқ,— деп, үйі алыстағылар өз жолдастарын ақтап шықты.

Бұлардың жауабы мынадай болған соң енді барлық көздер колхоз председателінің баласы Қайыркенге қадалды.

Қайыркен нелер бір асауына тайсалмай мініп шаба жөнелетін батыл, әрі ауыл адамдарының аузындағы: «ат құлағында ойнайтын шабандоз бала». Мерекелі тойларда аудан орталығында бәйгеге ат жарыстырыла қалса, бұл колхоз: батыл әрі атқа жеңіл деп бәйге атына Қайыркенді мінгізеді. Оның үстіне, ат мініп ойқастау, осы қылығымен өз қатарының көзін қызықтыра жүру оның жаны сүйетін әрекеті еді. Әсіресе, бұл вожатыйға қанық жай.

Бұл жыйында, сөйткен Қайыркенге де кезек келді:

— Ал, Қайыркен, бұған сен не дейсің?

Қайыркен тұра бере, танауына қона берген шыбынды үріп жіберді де, күмілжіңкіреп:

— Мен мін... мінген жоқпын...— деп саусағын мыжғылады.

— Тап бұл жолғыны Қайыркеннен көретін түк те жоқ, өзінің үйі де осы мектептің қақ қасында,— деушілер де бас көтеріп қалды.

Сөйтіп, сұрастыру недәуір уақытқа созылса да, Жылқай қартқа атын тауып беріп көмектесу мәселесі қаншама айтылса да, мініп едік, мінген адамды көріп едік деген сөз ешкімнің аузынан шықпады.

«Балалар мінбесе манағы бригадирдің әйелінің айтқаны не сөз»? — деп дал болып почташы отыр.

Тағы да үнсіздік. Пионерлердің жалыққан бірі тыпыршып, партаны тықырлатады.

Манағы апайдың айтқаны жаңылыс я бекер, құнанды мектеп балалары мінді деуге ешбір негіз, дерек жоқ. Мінсе осы жыйында айтпас па еді, қарагер шешіліп кетіп, жылқыға барып қосылуы да кәдік қой, солай болмасына кім кепіл деген пікірлер әр жерден бір туындап, жыйында отырғандарды мүлде баурап алды.

Бірақ қарагер құнанды тауып беруге өздерінің қолғабысшы бола алмағанына Жылқай қарттың алдында жерге кірердей болған пионер вожатыйы, намыстарына тиіп, жыйындағыларды бұрынғыдан да қатты қыса бастады:

— Пионерлік шын сөздеріңді айтыңдар! Тіпті екі оқушы:

— Қарагерді біз мінген жоқ едік, қайт дейсіз, пионерлік шын сөзіміз! — деп азарда-безер боп, жылап қоя берді.

Тап осы кезде Қайыркен бірденені апылқұпыл жазды да, қағазын төрт бүктеп, алдыңғы жақта өзінен әдейі бөлек отырған досы Тасболатқа қарай жыйындағылардан жылжытып кеп жіберді.

Сол-ақ екен, кешегі бар оқыйға Қайыркеннің көзалдында елестеп, кеңсенің алдында екі көзін төңкере қарап, жер тарпып, маңындағыны шыбын құрлы көрмей жұлқынып тұрған ұшқыр қарагер есіне түсе кетті.

Ауыздығымен алысқан мынадай жылқы баласын көргенде қай Қайыркеннің бүйірі қызбай қалған десеңізші!

Жып-жылтыр жоны оқтаудай жұмыр қарагердің бұл тұрысына қызығып кетіп, сондағы оны жазық далада көсілте, ор қояндай орғыта шаба кеп жөнелгені-ай!

Кішкентай ақ көйлегі көз ұшында бұлаңдап, қарагердей арғымақ құнанмен құйындатып, ағып бара жатқан Қайыркеннің сол бір шабандоздығына Тасболат таңдана, та-



машалай қарап тұрып қалған. Шауып бара жатқан жоқ, бейне, көк толқынның өрінде құстай ұшып, самғап бара жатқанға ұқсайды. Тасболатқа өзінің сабақтағы зеректігі Қайыркеннің мына ұшқырлығының қасында тіпті елеусіз нәрседей боп та көрінеді.

Бір мезгілде ылдыйға түсе бергенде қарагер сүрініп кетіп, Қайыркен басынан аса жерге ұшып кетті, сол сәтте ат та бір аунап түсіп, со бетімен шылбырын сүйретіп ұстатпай кете барған.

Енді қайтпек, енді? Жылқай қартқа, ертең мектепте мұғалімдердің алдында не демек? Сол-ақ екен қатал мінезді әкесінің ызбарлы жүзі, шыбыртқысы да көз алдына елестей кетті. Анау жолы уәкілдің атын суарып келем деген сылтаумен мініп кеткені үшін әкесінен шыбын-шіркей боп таяқ жемеп пе еді?! Бір жағынан содан именіп, содан шошып, тіпті, тұла-бойы түршігіп кетті.

Соның артынша шоқалақтай басып, етене досы Тасболатқа келіп, осымды ешкімге айтпа деп жатып кеп жалынған.

— Сонда адалдықты қайтпекпіз? — деген досы.

— Адалдық дейсің, үйге берілген есепті Мәйдашқа ылғый шығарып беретін сен емес пе едің? Онынды қайтпексің?

Ақыры қарагер жайындағы осы бір сыр-

ды тірі жанға тістерінен шығармасқа бір-біріне серт берісіп қол алысқандары, мұны өзара достық серт деп атағандары да Қайыркеннің есіне түсті.

Осының өзінде де ол Тасболат бар сырды жыйын үстінде айтып қояр ма екен деп ара шағып алатындай қыпылықтап, шыңырау құздың шетінде тұрғандай үрейленді. Құлағы дыңылдап түк ұқпай, шығып сөйлеушілердің барлығы да, сол сөйлеушілердің сөзіне жаңғырыққан бүкіл класс іші де, қарагерді мініп кеткен сенсің, Қайыркен, сенсің! Қазір ол ат қайда, не күйде, неге үндемейсің! — деп желкесінде зіркілдеп, зекіп тұрғандай болды.

Әсіресе, әлгінде, екі жолдасының жылағанын көргенде, вожатыйдың жыйындағыларды қыспаққа алған мына тегеурініне Тасболат табан тіреп тұра алмайды-ау деп, Қайыркен өзіне сұмдық бірдеңе төніп келіп қалғандай одан да бетер қатты састы. Қатал мінезді әкесінің қаһарлы жүзі, шыбыртқысы көз алдына тағы елестеп кетті. Жапағы қағазды да кешегі сол бір сертке берік болуды досына тағы бір рет ескертіп қою үшін жазған-ды.

«Тасболат, сертінде тұрсаң, атты менің мінгенімді айтпағын, айтпағын! — Қайыркен» — делінген еді ол хатта.

Қайыркеннің көз алдында кеше болған осы көрініс, осы ой бір ғана сәттің ішінде елес беріп өте шықты.


Енді қараса, міне қызық, міне керемет! Жапағы жазып жіберген қағазы қолдан-қолға көшіп отырған күйінше Тасболаттан әрі өтіп кеткені несі!

— Өй, мен жана стол басындағыларға емес, Тасболатқа берілсін демеп пе едім саған?! — деп Қайыркен алдындағы жолдасын нұқып қалды.

— Е, мен де сөйдегем.

«Әлде ол сөзім орта жолда ескерілмей қалып қойған ба?» — деп ойлады ол назалана. Қайыркен бірдеңе дегелі оқтала беріп еді, қолымен қағып кетіп, алдындағы дәуітін домалатып алды, сөйткенше болған жоқ, хат үстел басында отырғандарға да жетіп барды. Қайыркеннің жүрегі бұлж ете түсті. Міне саған сыр ашпаған! Қап, әттеген-ай, ә?! Әне, иесін таппаған бұл хат жыйынды енді болмаса жапқалы тұрған пионер вожатыйының қолына да келіп ілікті. Қайыркеннің манағы сенімі жел үшірген құйындай үшті-күйлі ғайып болды. Ызадан жарыла жаздап, түтігіп те кетті.

Осының бәрі аз дегендей, пионер вожатыйы жұмбақ шешілді деп хабарлап, хатты дауыстап оқып бергенде қандай болды десенші! Манадан бері сөздің қыпын таппай, үнсіздікке булығып отырған жыйындағылардың мысқылдаған, таңданған, улап-шулаған дауыстары бөгетті бұзып кеткен тау суындай тасқындап, бүкіл класс ішін кернеп кеп кетті. Екеуін осы жыйында талқылау керек, шығып сөйлесін дескен сөздер де естіліп жатыр.



Осыдан соң, әрине, Қайыркен мен Тасболат бар сырды бастан-аяқ сандықтағы қазнадай ақтарып салады ғой!

Қайыркенге қарап:

— Алда балам-ай, атымды отқа жіберіп алған екенсің-ау! — деген Жылқайдың зор даусы жыйындағы у-шуды басып кетті.

Осы кезде сырттан одан да қатты бір дауыс шықты.

— Ау, Жылқай, мына қарагер құнаныңды ал, шылбырын сүйретіп жылқыда жүр екен, ұстап әкеп тұрмын. Арқасы күп боп ісіп кетіпті.

— Өзі еті қызу атты бірден отқа қоя бергесін арқасы күп боп іспесіне не зорық, жаным-ау! — деген қатты кейістікпен Жылқай тымағын кие салып, есікке қарай ұмтылды.

Жылқай қарттың артынан барлық пионерлер жапырыла қарап қалды. Осы істі тап

бір барлығы бірлесіп істегендей, осы бір сөз бәріне де айтылғандай қатты қысылып, тебірене қарайды.

Осыдан соң пионер вожатыйы орнынан тұрды. Қайыркен мен Тасболатқа көз айырмай қарап, іштен тұтанып тұр:

— Е-е, сендер өзі достықты осылай түсініп жүрсіндер ме? Сонда, бір-біріміздің сырымызды, мінезімізді бүгіп қалу сендерше адалдық болмақ па, ә?.. Олай болса, осы таяу күннің ішінде адалдық жөнінен жыйын

өткізіп, біз бұл мәселені кеңінен отырып талқылауымыз керек!..

* * *

Жыйыннан соң Қайыркен мен Тасболат мойындарына су кеткендей, онжарғасы түсіп үйлеріне қайтты.

Екеуіне де Жылқай қарттың оқыс кіріп келуі, қарагер құнанның арқасының күп боп ісіп кетуі, таяуда болғалы тұрған жыйын елестеп, көз алдарынан кетпейді. «Қап, соны неге ғана өзіміз мойындамадық екен!» — деген өкініш екеуінің де өзегін өртеп, зығырданын қайнатады. Ауыл іргесіндегі сыңсыған ну орман да, сылдырап аққан бұлақ та, сыбдыр қаққан шөп те соны айтып, бар дыбыс біткен сол бір сөзді қайталап тұрғандай болады.

А. Домбралин.

Бетпақдалада



(Өткен күндерден)

Бұл — осыдан алпыс бес миллион жыл бұрынғы жазғы бір таң еді. Тропикалық Тетис теңізінің жылы толқындары саялы құрма және басқа ағаштар орманы өскен еңістеу жағаны шайып жатты. Бұл жер — осы күнгі Бетпақдаланың орны болатын.

Жағаға таяу таяздау жерде күншуақтап шөппен қоректенетін кесертке — диплодок жатты. Рабайсыз үлкен құрсақты, ұзын мойынды, басы кішкентай хайуанның салмағы осы күнгі пілдің өзінен 10 есе ауыр болатын. Құрғақ жерде болса, аяқтары осынша салмақты көтере алмай күйреп еді, сондықтан мақлұқ таяз суда тіршілік етті. Үстінен таудай-таудай толқын қарғып, талай дауыл еліріп өтсе де, жартастай алып кесертке мыңқ етпей жата берді.

Денесі әбден қызған кезде кесертке судан басын ғана шығарып, оттай бастады. Басын тереңге сүңгітіп жіберіп, теңіз балдырғанын жұлды. Аузын толтырып алып, басын көтеріп, дымқыл сабақтарды шайнап жеді. Осы кезде ол жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды. Ол өмірін тамақ жеумен өткізді, себебі соншама алып дененің күшін жоймау үшін адам айтып жеткізгісіз мол нәр керек қой.

Диплодок жағаға сол заманда барлық аңға қаһар төндірген жыртқыш кесертке — тирнозаврдың қашан келгенін білмеген еді. Тирнозавр — жер үстінде тіршілік еткен жыртқыштардың ішіндегі ең үлкені еді. Ол кенгуру сыяқты артқы аяқтарымен секіргенде жеті метр биікке көтерілетін, алдыңғы аяғының қысқалығынан тамақты ұстауға ебі өзгер келетін.

Диплодок басын суға тыққан кезде, тирнозавр жағаға қарай бір қарғыйтын. Шөппен қоректенетін кесерткенің, төбесі көрінген кезде жыртқыш қыбыр етпей қалт қата қалады.

Жыртқыш жағаға жеткенше осы қыймыл сан қайталанды. Диплодок басын суға қайта жасырғанда, тирнозавр орнынан атып тұрып, артқы аяғы мен құйрығына сүйеніп қақшыя қалды. Су мақұлығының жотасынан көз алмай, атылар межені өлшегендей сұқтана қарады.

Міне су көпіршіп, бір кезде диплодоктың басы жоғары көтерілді. Бұл кезде тирнозавр құм үстінде бұғып қалды. Диплодок мұны аңдамай аузындағы шөбін күйсей берді.

Су кесерткесі суға қайта батқанда жыртқыш оған қарай атылып берді. Таудай-таудай толқын жан-жаққа шашырады. Су астында тұрған диплодок шуды естіді де, басын судан шығарып бұлғалақтатып, судың терең жеріне қарай ентеледі. Оның алпамсадай денесі қайраңда рабайсыз шоқалақтап, суды бұрқылдатты.

Бірақ жыртқыш оны бір, екі секіргенде қуып жетті де арқасына қонып алды. Тирнозавр 15 сантиметрлік тісімен, тұяғының шеңгелімен күнге қызған диплодоктың ыстық денесін паршалай бастады. Бірақ панасыз алып та беріле қоймады. Ол өкірген бойда шалқалай барып суға құлады, тирнозаврды езіп жібере жаздады. Ал анау дер кезінде ытқып шығып, суға шашалған күйінде көтеріліп келе жатқан диплодоктың қарнын осып жіберді де, желкесінен қыр-

суға басына қарай шапты. Бұл сәтте диплодок та аунап түсіп, суға сүңгіп кеткен еді. Тирнозавр мұлт кетіп, суға барып гүрс етті. Су мақлұғы таңқаларлық шапшаңдықпен жалт бұрылды да, жыртқышты құйрықпен бір осып қатты соққанда анау аспанға ұшты. Тирнозавр бір айналып барып жағадағы таяз суға күмп етті. Шалқалай құлаған қалпында әрең деп дем алып, серейген аяқтарын әзер қыймылдатты. Оның есеңгіреп құлағандығы сондай, диплодок оны қамырша илеймін десе де дәрмені жетерлік еді. Алайда су кесерткесі артында қан ізін қалдырып тереңге ұзап кетті.

Есін әрең жыйған тирнозавр құрылыққа сүйретіліп шықты. Аяғынан қаны сорғалап, қыйнала секіріп шойнандап, ол орманға беттеді. Орманның бір қалындау жеріне келіп, мый батпақтың шетінде қырылдап дем алып күн көзінде жатып қалды. Денесі суда тоңандықтан қыймылы сылбыр еді.

Бір кезде сытырлап сынған бұтаның дыбысы естілді. Салмағы мен жер соға секіріп, осының ізімен біреу келе жатты. Тирнозавр түрегелді де, жан-жағына үрейлене қарады. Бұ да жыртқыш тирнозавр еді. Оның қуаты бойында, тың. Жаралы кесертке мый батпаққа бата секіре жөнелді. Қуғыншы оны қуып жетті. Екі жыртқыш өкіріп, айқасып кетті. Қенеттен екеуі де мыйға батты да, батпақтың бетінде алған демдерінен шыққан көпіршіктер ғана көрінді...

Диплодоктың жарасы өте ауыр екен: қарнынан шегі шұбатылып суға қанды көбік көлкіп кетті. Уақыт озған сайын алып мақлұқ әлсірей берді.

Келесі күні іші кеуіп кеткен 30 метрлік өлік су бетіне шығып еді, жел оны жағаға айдап тастады. Қайранда қалған мақлұқтың етін балықтар және ұсақ жыртқыштар жеп бітірді. Теңіз түбінде таза қаңқа ғана қалды. Артынан оны күм басып тастады.

Арада ондаған миллион жылдар өтті. Теңіз суалды, климат өзгерді, теңіздің орнына ұшы-қыйырсыз жапан шөл — Бетпақдала пайда болды. Кесерткелердің жайын олардың жер астындағы қатып қалған қаңқалары ғана баяндайды. Ол қаңқаларды жуырда совет ғалымдары қазып алды.

* * *

Осыдан жыйырма мың жыл бұрын, әртүрлі алып жануарлар баяғыда қырылып біткен кезінде, теңіз суалып, климат осы кезгідей болғанда, ол кездегі үлкен өзен Шу-

дың жағасында болар-болмас түтін көрінді. Онда үнгірлер мен күркелерде ертедегі адамдар тұрды.

Қос басын бүкіл семьяның үлкен әжесі басқарды. Ол отты өшірмей сақтады.

Еркектер таңертең анда жүр еді. Олар тоғайлар мен бұталарды аралап кеткен. Міне басындағы шашы жалша жалбырап, бұта арасынан аңшы шықты. Оның тәнін белінен орай байлаған аң терісі ғана жауып тұрды.

Адам үн тыңдап, иіс айырып ұзақ тұрды. Еліктің соңғы ізі осы арада алаңды қақ жарып өтіпті. Оны аңшы байқап қалды да, етбетінен жата қап, ізді иіскеді. Елік жаңа ғана кеткен екен.

Қолындағы садағын ұстап, аңшы ізге түсіп кете барды.

Қенет алыстан көп үнді айғай естілді. Бұл қос басынан хауіп төнгенде еркектерді шақырған әйелдер даусы еді.

Әр тұстан бұта сытыр-сытыр етті де, аңшылар жан-жақтан қаптап, баспаналарына қарай лап қойды. Әйелдердің даусы ащырақ шыққан сайын олар қыйқулап, екпіндей жүгірді.

Міне, аузынан түтін шыққан «қасиетті» үнгір алдында ұйлығып әйелдер балаларын баурына қысып еңіреп жылап тұр. Үнгірге кіруге бата алмайды. Оны «киелі» деп түсінеді. Қыя басуға тағы болмайды. Хауіп күшті.

Бойына біткен обырлықпен кішкентай қызды жолбарыс сүйегін сытырлатып жеп жатыр.

Еркектер осындай көрініс үстінен шықты. Ұшына үшкір тас орнатқан жебелер пәрменімен зуылдап жолбарысқа қарай атылды. Жыртқыш бір бұлаң етті де, бұта арасына ғайып болды. Аңшылар кешке дейін ізіне түскенмен жолбарыс жеткізбеді. Аңшылар баспанасына қайта жыйналғанда ай да тұды, жолбарыстың өкірген даусы жақыннан естілді. Дәндеген жыртқыш тағы келді.

Келесі күні бұл тағы қайталанды. Аңға аттанған еркектер онша ұзамай-ақ тағы да әйелдердің ащы даусы құлаққа келді. Бұл — жолбарыс тағы шапты деген белгі еді. Бұл жолы оның шеңгеліне ербала түскен екен. Жолбарыс тағы да құтылып кетті.

Таңертең ерте кемпір біткен жыйылып, ең үлкен шешелерін «қасиетті» үнгірден қолтықтап алып шықты да, алдына жығылды. Қәрі кемпір тарамысты қолымен көгеріп көрінген қыядағы тауды нұсқады. Қа-

сындағылар кемпірдің мұнысынан «Жын-шайтандар бізге өшікті, енді тезірек тауға көшу керек. Күзде қыстауға үңгірге, өзен жағасына келуге болады» — деп түсінді.

Жүз шақырым жердегі тауға шейін кемпірлер мен балаларды арқалап, адамдар екі тәулік жүрді. Жазғы аң аулайтын жерге өктемдік етіп жолбарыс қалды.

Таудың құзар тастарының іргесінде, үңгірлерде, тастардың арасында, бұлақ басында ертедегі адамдар күнелтті. Жазғы паналаған жердің бәрінде от жаққан шақпақ тастар, тастардың жарықшақтары қаптап жататын. Шалдар жаз бойында қыс күніне арнап, садақ жебесінің ұшына әдейі қашаған үшкір тас та көп болатын.

Ертедегі адамдардың тау іргесіндегі және Шу жағасындағы баспаналаған жерін Бетпақдаладан совет ғалымдары тапты.

* * *

Бір мың екі жүз жыл бұрын Бетпақдаланы басып, бір керуен ілбip бара жатты. Олар сайғақ пен құландар салған соқпақпен жүрді. Бұл керуен ішінде сол заманның аса бір білімді адамы келе жатты. Бұл қытайдың Үйсіндерге жіберген елшісі Чжан-дзянь еді. Ол ең жақсы түйе мінген, үстіне әдемі қолшатыр ұстаса да, қапырыққа төзе алмай, маужырап келеді. Күн мен жыл есебінен де айрылған елші, өзін осыншама алыс сапарға жіберген әміршісін іштен қарғайды, амал жоқ, жол азабына төзген болады. Сырттай қарағанда, енжар көрінгенмен елші сезімтал адам екен, жапан даланың тіршілігінен қызықты көп сыр аңғарды. Бетпақдала жөнінде қағаз бетіне түскен алғашқы мәліметтер жазған — сол Чжан-дзянь.

Көшкен керуендей ғасыр артынан ғасыр ауысып, соның жетеуі өткен заманда буданың діни ғұламасы Сюань-Цзян керуені Шудың жоғарғы ағысын кесіп өтіп, Әулие-ата (кәзіргі Жамбыл) арқылы Индияға беттеген еді. Ол түркі нәсілдестер билеген дәуірдегі Шу мен Талас аңғарлары бойындағы мәдени орталықтар, сауда-саттық, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, салты мен діни нанымдары жайлы әжеп-теуір мағлұматтар қалдырған.

Сюань-Цзяньнан кейін алты ғасыр өткен кезде Шыңғыс ханның батысқа жорыққа аттанғанда нөкері болған, қытай министрі Елюй-Чу-цайдың Іле мен Талас арасында болған ел жөнінде жазған мәліметтері де бізге жетті.

Содан бастап әр ғасырда шөл даланың алғашқы зерттеушілері — миссионерлер, елшілер, сұлтандар, әскери адамдар, сәудегерлер көбейе берген.

Өткен ғасырдың басында шөлді алғашқы ғалымдар — ботаниктер, топырақ зерттеушілер, зоологтар экспедициялары аралап өтті. Бірақ олар бетпақтың ортасына бара алған жоқ, пұшпағында ғана болды. Бетпақтың орта шені — батыс мемлекеттің қайсысынан да болсын үлкен ақтандақ қалпымен жата берді. Патша үкіметінің шет аймақты зерттеуге дәрмені де келмеді.

Тек Октябрь революциясынан кейін ғана совет зерттеушілері Бетпақдалаға қызу шабуылға кірісті. Алғашқы энтузиаст-зерттеушілердің бірі зоолог Виктор Алексеевич Селевин болды. Алғашқыда шағын, одан кейін ірі-ірі экспедицияларды басқарып ол шөл даланы жеті рет кесіп өтті. Ол түйе де мінді, автомашинаға да отырды. Бұл экспедициялар Бетпақдаланың орталығын картаға түсірді, оның топырағы мен өсімдігін, жануарлар дүниесін, геологиялық құрылысын анықтады. Ол шөл даладан кейіннен даңқы шыққан көгілдір гранит тапты. Селевин мен басқа совет зерттеушілері Қазақстан картасынан ақ тандақ белгіні мәңгіге өшірді.





Тарихтен үйрен

Мирош жатақканада «Пионерская правда» газетінің өткен жылдардағы түптелген номерлерін оқып отырды да таң тамаша қалды.

Бір топ армян балалары: «Салынғанына 2700 жыл болған қаланы көрдік» деп жазыпты.

Осыншама көне қала қай жерде? Осы күнге шейін сақталған ба екен? Осы сұрақтармен шұғылданған Мирош мақаланы әрі қарай оқый бастады. Қаланың аты Тейшебани. Біздің Отанымыздың территориясында ертеде болған Урарту мемлекетінің қаласы. Қала қорғанның ішіне орналасқан, қорғанның қабырғасының қалыңдығы 2—3,5 метр, биіктігі 7—10 метр.

Бұл қаланың орнын тауып зерттеген совет ғалымдары. Мирош ерте замандарда біздің территориямызда өз кезінде мәдениетті адамдардың болғанын мақтаныш ете оқыды. Бүгінгі білгендері оқулық бетіндегі қысқаша мәліметтерді жандандырып жібергендей болды. Отанымыздың өткендегісін білуге күштарлана түсті.

Тарих дегеніміз тап күресінің шежіресі. Ол — адам баласының осы күнгі мәдениет дәрежесіне жетуінің дастаны.

Өткенді білмейінше, жаңаны түсіну мүмкін емес. Сондықтан әрбір мәдениетті адам немесе мәдениетті, білімді болғысы келген әрбір жас жеткіншек ең алдымен дүниежүзіндегі халықтардың тарихын зерттеуге тырысады.

Біздің мектептерімізде совет балаларына тарихтан жүйелі білім беру мақсатымен бұл пән кеңінен өтіледі.

Тарихты оқу V-кластан басталады. Класстан класқа көшкен сайын тарих курсы да өзгеріп, осы күндерге шейін келеді.

Тарихты оқуға кіріскен жас жеткіншектер дүние жүзіндегі халықтар әрқашанда жаңа үшін күрескенін, ескінің, күйреп бара жатқандардың жаңаға әрқашанда қарсылық білдіріп отырғанын, осы күресте адам са-

насының дамып, өсіп, барған сайын мәдениеттенгенін көреді.

Жалпы тарихты білу өз Отанымыздың тарихын жете түсінуге, сөйтіп Отанымыздың басынан кешкен талай-талай алтын беттерге ардақтап құрметпен қарауға көмектеседі. Отанның тарихын жақсы білген адам ғана шын мәнісіндегі патриот бола алады. Тарих пәніне міне осы тұрғыдан қарау керек.

Әдетте, балалар: «Тарихты қалай жақсы оқуға болады?» деп көп сұрайды.

Біз осы мәселені сөз етелік.

Сабақты жақсы оқудың бірінші шарты — класта мұғалімнің айтқанын ұқыпты тыңдау. Өйткені оқытушы бүгінгі бір күнгі сабақтың көлемін бір-екі сағат ішінде байыпты, нақты түрде түсіндіріп береді. Бұл желісі тартылған бір тұтас әңгімені экранда көрсетілген кинокартинамен салыстыруға болады. Картинаны толық, жақсы ұғу үшін оның ешбір кадрын босатпай, ешбір сөзін естімей қалмай түгел көру қажет болады ғой. Сабақты тыңдау да сол сыяқты. Мұғалімнің түсіндірмесін түгел ынтамен тыңдаған бала да оқу материалын тыңғылықты ұғады. Бірақ кейбір оқушылар осыны ескермейді де, басқа нәрселерге алаңдап, оқушының кластағы түсіндірмесін жөндеп тыңдамайды, көрсетілген көрнекі құралдарды жөндеп қарамайды. Ондай баланың жадында сақтағаны үзік-үзік болады. Мысалы ондай бала «Чапаев» кинокартинасында оның ақтарға қарсы алғашқы ұрыстарын көрмей қалып, қапы да қолға түскенін ғана есіне сақтаған адамға ұқсайды. Ендеше мұғалімнің кластағы түсіндірмесін зейінді тыңдап, ұғынбаған мәселенді ұялмай сұрап ал.

Жақсы оқудың екінші шарты — үйге берілген тапсырманы уақытында тыңғылықты, жүйелі орындап отыру. Бүгінгі өтілген материалды пысықтап, есте берік қалдыру үшін оқулықтың үйге берілген бөлімін, тарауын немесе параграфын мұқият оқу керек.

Оқулық — оқушының ең негізгі, басты құралы. Оқулық — ондаған жылдар бойы ойла-

нып, жазылып, түзетіліп, өңделіп жақсарып келе жатқан білім қоры. Оның әрбір жолы, әрбір сөзі — бағалы білім. Оқулық бойынша сабаққа әзірленгенде оның әр сөзін ойла- нып, түсініп оқуға тырыс. Оқытушы түсін- дірген әңгіменің шеңберінде кітаптан толық мағлұмат ал да, кітапты жауып қойып өз сөзімен еркін айтып беруге әзірленіп ұққа- ныңды қайталап көр. Осының бәрі өзбетің- мен жұмыс істеуге үйретеді.

Қай кітапты болсын дауыстап оқы, дауыс- тап оқу әресе тарих сыяқты пәндер үшін өте жақсы.

Мұнымен бірге, оқулыққа қосымша түрлі көркем әдеби кітаптар оқудың пайдасы зор. Көркем шығарма адамға өткір әсер етіп, жүрекке ұялап, санаға терең орнайды. Оқу- лықтан алған мәліметті жандыра түседі.

Жалпы дүние жүзі әдебиетінде де, орыс- тың классикалық әдебиетінде де, совет әде- биетінде де тарихи шығармалар көп. Көр- кем шығарма өз дәуірін әсерлі жан-жақ- ты суреттейді. Соларды әр кластың програм- масы бойынша өтіліп отырған тарих курсы- ның тақырыбына қарай оқып білу керек.

ССРО тарихынан Петр заманын өткенде А. Толстойдың «Петр бірінші» романын, 1709 жылғы Полтава соғысын өткенде А. Пушкиннің «Полтава» поэмасын оқымай кетуге тіпті де болмайды.

Тарихты жақсы оқуға үлкен көмегін тигі- зетін құралдың бірі — көрнекі құралдар. Көрнекі құралдарға тарихи карталар, кесте- лер контурлық карталар, схемалар, оқулық- тарда басылған түрлі суреттер, әр елдің су- ретшілері салған картиналар жатады.

Тарихи карта — бұл географиялық карта- дан әлдеқайда өзгеше нәрсе. Тарихи карта- да белгілі бір мемлекеттің орны, қаласы, өзен-суы, тауы-тасы емес, белгілі бір дәуір- дегі тарихи шындықты, экономикалық, сая- си-әлеуметтік, мәдени қарым-қатнастар көр- сетіледі.

Сондықтан класта оқытушының әңгімесін тыңдағанда, үйде сабаққа әзірленгенде та- рихи картаны кеңінен пайдалануға тырыс.

Класта жауап беріп тұрғанында, белгілі бір тарихи оқыйғаға: қозғалысқа, револю- цияға, соғысқа, дипломатиялық қарым-қа- тынасқа байланысы бар пунктті іздегенде сол құбылыстың туу процессін еске түсір. Сонда картадан іздегеніңді табу да оңайлайды. Мә- селен: «Куликов даласы Москваның қай жа- ғында?» — деген сұраққа жауап беру үшін, монғолдардың оңтүстіктен шабуыл жасаға-

нын, шайқас Дон бойында болғанын еске түсірсен, Куликов даласын Москваның оң- түстігінен табатын боласың. Осылай салыс- тыру арқылы, оқыйғаның негізін іздеу ар- қылы тарихи пункттерді табу оңайлайды.

Тарих сабағын картасыз оқуға болмай- тынын осы бастан төменгі кластардан бас- тап түсіну қажет.

Күнбе-күн өтілген материалдың мазмұ- нын оқулықтардағы суреттер де толық аша- ды. Мысалы: «Скифтер» деген тақырыпты өткенде оқулықтағы суреттен скифтердің сырт пішінін, киім-кешегін, баспаналарын жіті көзбен қарау, олардың тұрмыс-тіршілігі жөніндегі ұғымыңды кеңейтеді емес пе!

Сол себепті оқулықтарда мұндай суреттер көп беріледі.

Мұғалімнің тапсырмасы бойынша контур- лық карталар, түрлі схемалар, кестелер, «уа- қыт лентасын» жасау да боланың сабақ үл- геруін жақсартады.

Тарихи оқыйғалардың тізбегін (хроноло- гияның) ұмытпай есте сақтау бірсыпыра қыйынға түседі.

Сондықтан оқушылар тарихи оқыйға- ларды өзара байланыс және өзара ықпал жасау тұрғысынан оқып үйренуі керек. Осы оқыйғалардың қайсысы бұрын, қайсысы со- ның нәтижесінде туды, соның салдары бол- ды — осы тұрғыдан талдап, ұғынса хроно- логия берік есте қалады. Мысалы: Куликов ұрысы (1380 жыл) қашан болды? деген сұ- раққа жауап беру үшін оқушы Батыйдың Солтүстік-шығыс Руске басып кіруін (1237 жыл) еске түсіріп, Куликов ұрысы содан кейін болғандығын анықтауы керек. Өйтке- ні монғолдар орыс жерін жаулауға келмей жатып, Куликов ұрысы да жүргізілмеген болар еді.

М. Кутузовтың қай жылдары өмір сүрге- нін оның А. Суворовтың шәкірті болғанды- ғын еске түсіріп, анықтау керек. Өйткені шәкірті ұстазынан бұрын тумас болар!

Әр мектептің орнына, мүмкіншілігіне қа- рай түрлі тарихи орындарға, музейлерге экскурсияға бару балалардың тарихи білім- дерін байытуда үлкен себепші болады.

Тарих — қыйын да қызық пән. Ынтамен, ұқыптылықпен жүйелі оқыған оқушы оны жақсы үлгере де алады.

Б. Әбсәламов,

Молотов атындағы қазақ орта мекте- бінің оқытушысы, Есік селосы, Ең- бекші қазақ ауданы.

Пионерлер үйінде

Г. Иодко

Шымкентке барғанда қала паркының ішіне орналасқан пионерлер үйі бірден көзіңізге түсе қоймайды. Ертеде салынған үш этажды бұл үйді емен, үйенкі ағаштарының жапырағы жауып тұрады. Үйдің есігіне апаратын жолдың екі жағына гүлдер егілген. Мұның барлығы — сол үйде тәрбиеленуші пионерлердің өз еңбегі.

— Шымкентте пионерлер үйінің ашылғанына он жылдан артық уақыт болды, — дейді пионерлер үйінің директоры Надежда Васильевна Поддубная. — Қазір мұнда 26 үйірме жұмыс істейді. Үйірме жұмыстарына мыңдаған бала қатнасады. Бізде пионерлер үйінің бос тұратын күні болмайды. Мұнда күн сайын үйірме жұмысы өтеді, лекция оқылады, пионерлер кеші ұйымдастырылады.

Пионерлер үйінде өткізілген жұмыстарды жазып отыратын күнделік — альбом бар екен мұнда. Оны балалар кезектесіп жазатын көрінеді.

9 июль күні «Зоя мен Шура» атты повесть бойынша оқушылар конференциясы өткізілді. Баяндама жасаған — пионерлер үйі оқу бөлімінің меңгерушісі Евлантьева. Бірнеше бала шығып сөйледі. «Зоя мен Шура» туралы повесть, — деді оқушы Зоя Опришкина, мәңгі өлмес батырлар туралы, ер жүрек ана туралы, совет мұғалимасы туралы кітап. Зояны біздің бүкіл еліміз біледі және оны мәңгі ұмытпайды. Зояның есімін біз әрқашан да есте сақтаймыз.

12 июль. Пионерлер үйінің оқушылары Социалистік Еңбек Ері колхозшы Левченкомен кездесті. Ол өзі басқарған бригаданың егіннен мол өнім алу дәрежесіне қалай жеткенін, алдыңғы қатарлы мичуриндік ғылымды қалай қолданып жүргенін айтты. Одан кейін жас мичуриншілер шығып сөйлеп, өздерінің тәжірибе участоктеріндегі жұмыстары жайын баяндады. Ленин атындағы мектептің оқушысы Тучина тармақты бидай өсіріп жүргенін айтты. Кездесудің соңында оқушылардың көркемөнер үйірмесі сауық-кеш өткізді. Пионерлер Социалистік Еңбек Ерімен бірге суретке түсті 1 август



Кесте тігу үйірмесінде

Ленин атындағы мектептің V-класс оқушылары Гая Молдашбаева мен Тая Бондаренко кесте тігу үстінде.

Суреттерді түсірген И. Назыров.

сағат 5 тен 30 минут өткенде пионерлер үйіндегі Фортепиано үйірмесінің мүшелері радио арқылы концерт берді. Нәлла Юнкова «Вальсты» (музыкасы Хренниковтікі), Нина Брюханова «Гүл вальсын» (музыкасы Чайковскийдікі), Нона Карельштейн «Жай вальсты» (музыкасы Владимирцевтікі) орындады. Концерт көңілді өтті.

Пионерлер үйінің жұмысымен таныса бастасаңыз, бұл үй пионерлер өмірінің неше түрлі қызық кезеңдерін баяндайтын кітап сыяқты көрінеді сізге.

...Үшінші этаждағы бір бөлмеден ағаш кескен араның, тықылдаған балғаның үні естіледі. Мұнда жас токарьлар мен ағаш шеберлері жұмыс істейді. Бұл үйірмеде 50 адам бар. Токарьлар группасына жетінші кластың оқушылары, ағаш шеберлігі группасында одан төменгі жастағылар үйренеді.

Жас шеберлер бөлмесі әрі таза, әрі жарық. Оның қабырғасын, терезесін, еденіне шейін сырлап тастапты. Ағаш өндейтін, темір жонатын саймандар да ұқыпты жыйналған.

— Бұл үйірме — біздің зор мақтанышымыз, — дейді Надежда Васильевна Поддуб-

ная.— Кәзір жас шеберлер этажерка, шахмат, дойбы, тағы басқа ағаш бұйымдарды жасайды. Сіздің осы парк ішінен көрген ағаш бұйымдарыңыздың барлығын да біздің оқушылар жасаған.

Авиомоделистер үйірмесі де үшінші этажда екен. Олардың құрамында радиотехниктер, фото сурет түсіруге үйренушілер бар. Бұл үйірменің мүшелері таяуда ғана Миргалымсай руднигіне саяқат жасады, шахтаға түсті, әдемі минералдар алып қайтты. Оларға ең күшті әсер қалдырған — Шымкенттегі пресс-автомат заводы болды. Терезелері кең үлкен кірпіш үйде жұмыс күндіз-түні бір тынбайды. Онда пресс-автомат машиналарына керекті детальдар дайындалады. Оқушылардың бұл заводқа қызыққаны сонша, олардың ішінен оқуын бітіргесін осында жұмысқа келгісі келетіндер де табылды.



Фортепиано үйірмесінде.

Ленин атындағы мектептің VIII-класс оқушысы Нона Карельштейн Шуберт шығармаларын орындап отыр.

Ауыл шаруашылығына барып жұмыс істегісі келетін пионерлер де аз емес. Жас натуралистер үйірмесінің пионерлер үйінде ерекше құрметті орынға ие болуының өзі-ақ осыны аңғартады. Біз ботаника кабинетіне кірдік. Еңсесі биік, үлкен бөлме жас өнерпаздардың істеген заттарына толы. Бидай дәнінен жасалған Мемлекеттік Герб те осында. Гербарийдің қасына «Дала өсімдігінің» түрлері қойылыпты. Қолдан өсірілген гүлдер бөлмеде тіптен көп. Әр оқушының қарауында өзі күтіп, суарып өсіруге тиісті бір-бір гүл шоғы бар.

Жас ботаниктердің де табыстары осында. Олардың экспонаттары шыны астына қо-

йылған. Онда тасбақа, сарышұнақ тышқан, көбелек қоңыздардың неше түрі бар. Жаздыгүні жас ботаниктер ауыл шаруашылығына зыян келтіретін кеміргіштердің бір талайын ұстап өлтірген көрінеді. Көрмедегі жәндіктер ботаника, география сабақтарында көрнекі құрал есебінде пайдаланылады.

Ботаника кабинетінен шыққанда, сіз пионерлер үйінің тәжірибе участогін көресіз. Мұнда жас пионерлер агроном Валаеваның басқаруымен қырдан, помидордан, жидектен мол өнім алған. Олардың еккен мақтасының өнімі қазір көптеген колхоздың мақта егісі өнімінен асып түседі. Пионерлер үйінің тәжірибе участогінде балалар табиғатты жаңарта білуге, ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге үйренеді. Сондықтан болу керек, көптеген оқушылар кәзірдің өзінде агроном, зоотехник, тракторист, комбайнер болуды армандайды.

Пионерлер үйінде 26 үйірме бар. Оның әр қайсы оқушыларды әртүрлі өнерге баулыды. Соның бірі — киім пішу мен кесте тігу үйірмесі.

Біз пионерлер үйіндегі шебер қолдардан шыққан тамаша кестелерді көріп көп таңырқдық. Әсіресе, Лермонтов атындағы мектептің VIII-класс оқушысы Рая Юлдашева тіккен кесте назарыңызды бірден аударып әкетеді.

Тігіншілердің ішіндегі ең жасы — Люся Климовских. Ол қазір тоғызда. Люсяның бұл үйірмеге қатыса бастағанына бес жылдай болды. Бұл мерзімнің ішінде ол көп нәрсе үйренді. «Ленин бөлмесі», «Аяз ата» атты суреттер тоқып салды. Оның суреттері де бөлме ішінде ілулі тұр.

Ида Яковлевна Сошина — осы үйірменің басқарушысы. Оның бұл үйірмені басқарғанына 9 жыл болған. Сошина өзінің көптеген шәкірттерінің еңбегін аса бір ықласпен баяндайды. М. Горькийдің суретін тоқыған Валентина Бондарева, Қазақтың ұлттық орамалын кестелеп тіккен Анна Белоусова — үйірменің озат мүшелері.

Шымкенттегі пионерлер үйі — шынында, қала пионерлері өмірінің нағыз орталығы. Қала пионерлерінің өмірінде болатын қандай да болмасын көрнекті кезең мұнымен байланыссыз өтіп көрген емес. Расында, Шымкенттің пионерлер үйі — республикадағы таңдаулы пионерлер үйінің бірі. Онда көретін нәрсе де көп. Үйренетін нәрсе де аз емес.



Н. Носов.

Жасырынбақ

(Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған)

Витя мен Шурик көрші тұрушы еді. Екеуі бір-біріне әрдайым қонаққа келіп жүретін. Бір күні Витя Шурикке келді. Шурик оған:

— Кел, айда, жасырынбақ ойнайық, — деді.

— Ендеше, бірінші болып мен жасырынайын! — деді Витя.

— Жарайды, мен сені табушы болайын, — деп Шурик коридорға шығып кетті.

Витя жүгіріп барып бөлмеге кірді де, керуеет астына жата қап:

— Жасырынып болдым! — деп айғайлады.

Шурик бөлмеге кіріп келіп, керуеет астында жатқан Витяны ә дегеннен-ақ тауып алды.

Витя керуеет астынан шыға келіп, дау айта бастады:

— Мен дұрыстап жасырына алмадым! Егер мен жақсылап тұрып жасырынған болсам, сен мені таба алмаған болар едің. Мен қайтадан жасырынамын.

— Жарайды, қайтадан жасырына қой, — деп Шурик ризалық білдірді де, қайта коридорға шығып кетті.

Витя аула жаққа қарай жүгіре жөнелді. Ол Бобиктың кішкене үйшігінде жоқ екенін көрді. Күшік жататын кішкене үйшіктің ішіне сып беріп кіре бере ол тағы да:

— Жасырынып болдым! — деп дауыстады.

Шурик аулаға шығып, Витяны іздей бастады. Әрі іздеді, бері іздеді, сонда да еш жерден таба алмады. Енді Витяның кішкене үйшіктің ішінде отыра беруге іші пысты, зерікті... Ол үйшіктің есігінен басын қылтый-

тып, бір қарап қойды. Сол мезетте оны Шурик көріп қалып:

— Ә, сен мұнда еніп кеткен екенсің ғой! — деп дауыстап жіберді.

Витя кішкене үйшіктен шыға келді де:

— Сен мені таба алған жоқсың. Мен өзім шықтым! — деп дауласты.

— Сен неге шықтың?

— Кішкене үйшіктің ішінде бүктетіліп отыра беруге зеріктім, ішім пысты. Егер мен өзім шықпаған болсам, сен мені таба алмас та едің. Мен қайтадан жасырынамын.

— Жоқ, ендігі кезек менікі, мен жасырынамын, — деді Шурик.

— Олай болса мен ойнамаймын! — деп өкпеледі Витя.


— Жарайды, қайтадан-ақ жасырына қой, — деп көнді Шурик.

Витя жүгіре басып коридорға шықты да, киім ілгіште ілулі тұрған польтоға жасырынды. Шурик оны іздей бастады. Ол есікті ашып кеп жіберген кезде, Бобик жылмаң етіп есіктен кіріп кетті де, киім ілгішке таяп келіп, Витяға еркелей бастады. Витя Бобикты аяғымен нұқи бастады. Мұны көріп қалған Шурик:

— Ә, сен мұнда екенсің ғой! Киім ілгіштің тасасында тұрсын ғой! Шық жылдам! — деп айқайлап жіберді.

Витя шыға келіп, тағы да дау айта жөнелді.

— Мені тапқан сен емессің! Мені тапқан Бобик! Мен қайтадан жасырынамын.



— Жоқ, енді мен жасырынамын.

— Ендеше мен мүлде ойнамаймын.

— Немене, мен ылғый іздей беруге тиіспін бе?

— Мені тағы да бір рет тап, сонан соң жасырынасың, — деді Витя.

Шурик тағы да көзін жұма бергенде, Витя жүгіріп кеп кухняға кірді де, шкафтағы ыдыстың бәрі сыртына шығарып өзі шкафтың ішіне кіріп.

— Жасырынып болдым! — деп дауыстады.

Шурик келіп, шкафтағы ыдыстың бәрі сыртына шығып қалғанын көрді де, Витяның қайда екенін бірден-ақ сезе қойды. Ол ештеп келіп шкафтың аузын жауып ілмешегін ілді де, жалма-жан Бобикпен жасырынбақ ойнауға аулаға жүгіре жөнелді.

«Жаңа жақсы болды-ау! — деп ойлады Шурик. — Витядан гөрі Бобикпен ойнау әлде қайда жақсы екен ғой».

Бұл кезде Витя шкаф ішінде отыр еді, ол әрі-беріден соң әбден зерікті. Оның шыққысы келді, бірақ шкафтың аузы ашылар болмады. Ол қорқып кетіп:

— Шурик! Шурик! — деп айғайлай бастады.

Шурик оның даусын ести сала жүгіріп келді.

— Шығар мені мынадан! — деп дауыста-

ды Витя. — Неге екенін білмеймін, ашылатын емес.

— Мені іздейтін болсаң, шығарайын.

— Өзің мені таба алмадың, мен сені не үшін іздемекпін!

— Мен таптым ғой.

— Мені тапқан сен емессін! Мен өзім дауыстадым ғой. Егер мен айғай салмаған да, сен мені таба алмас та едің!

— Ендеше шкафтың ішінде солай отыра бер, ал мен ойнауға кеттім, — деді Шурик.

— Жарайды іздейін, тек болғаны шығаршы! — деп жалынды Витя.

Шурик ілгешекті серпіп кеп жіберді. Витя шкафтан шығып ілгешекті көрді де:

— Жа, сен мені әдейі бекітіп тастаған екенсің ғой? Осының үшін мен сені іздеймін! — деді.

— Іздеушінің керегі де жоқ, — деп күңк етті Шурик. — Менің онан да гөрі Бобикпен ойнағаным жақсы.

— Бобик іздей біле ме?

— Біледі.

— Олай болса, екеуміз бірігіп Бобиктен жасырынайық.


Витя мен Шурик аула жаққа қарай барып, Бобиктен жасырына бастады. Бобик жасырынбақты жақсы ойнай білгенімен әттең көзін жұмуды ғана білмеуші еді.

Аударған. С. СЕИТОВ.

ӨКІНІШ

Бейсен тұрып «Қараласын» мақтады,
Қабағандық мінезін де ақтады.
Деді: Сенің «майлыаяғың» үйкүшік,
Қоян жүрек, тамақ кілең баққаны.
Әзім айтты: «Құр мақтанба көпіріп,
Қараланды дәріптейсің өтірік.
Таластырсақ, жеңбек түгіл итінді,
«Майлыаяғым» тастар тіпті өлтіріп».
Қызды талас, босады екі ит қолдағы,
Қайсы жеңіп, белгісіз кім сорлары.
«Қараланы» алып соғып «Майлыаяқ»,
Тістеп, тырнап жерге аунатып жондады.
«Майлыаяғы» мықтап түсті уысқа,
Итін аяп, Бейсен кірді ұрысқа.
Бойы қызған тындасын ба «Майлыаяқ»,
Балтыр қайда? — салды ауызды сол тұсқа.
Көрдіндер ме ит мақтағыш «батырды»
Жаутаң қағып сыйпап отыр балтырды.

Қажымитден АЙТЖАНОВ.



Қиров атындағы колхоздың механикаландырылған қырманы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы. Суретті түсірген А. Бахвалов.

АУДАН КАРТАСЫ ОСЫЛАЙ ӨЗГЕРДІ.

Таран орта мектебінің бір топ оқушылары ауданды аралауға саяқатқа шыққанда Шәдет Рысмендиев он жаста еді. Сол күндері оның аралаған жерлерінің бәрі бүгінге дейін есінде сақталған. Саяқаттап келген соң ол өзінің достарына көрген-білгенін айтып тауыса алмаған-ды.

Быйыл саяқатқа Ұзынағаш орта мектебінің бір топ оқушыларымен бірге Шәдет те, ере кетті. Ол бұрынғы саяқатқа шыққандағысына қарағанда енді есейіп, ержетіп қалған. Он төрт жаста, жетінші класта оқыйды.

Олар он адам, саяқатқа жүріп кетті. Машина Ұзынағаштан Қарғалы шұға комбинатына қарай қасқая тартты. Балалар шұға комбинатында талай болғандықтан мұнда тоқтамай өте шықты да, Қарғалы өзенін бойлай, тауға беттеді.

Өткен жылдары мына Алатауды құлай сарқырап аққан өзеннің осы жағасында үнемі пионер лагері болушы еді. Ол қазір де орнында екен. Онда аудан пионерлері демалып жатыр.

Машина Қарғалы өзенінің терең бір құйылысына келіп тоқтады. Шәдет бұрын бұл жерде болғанда бұл өзеннің жағасына иек артқан жартастан басқа ештеме жоқ еді. Қазір осы жерге қуатты су электр станциясы орнапты. Станция Қарғалы шұға комбинатына, Ұзынағаш селосына, Ленин атындағы, Қиров атындағы, Қазақстанның ХХХ жылдығы атындағы колхоздарға жарық берді.

Станция пайдалануға берілгелі тек Қиров атындағы колхозға екі жүз радио, бес жүз электр шамы орнады.

Қарғалы өзенінің екі жағасындағы тау қойнаулары атамзаманнан жабайы алма, өрік, бүлдіргенге толы болатын. Балалар корзиналарын жеміске толтырып алуға шатқалдағы миуалы ағаштарға шыға бергенде, жапырақ арасынан тысыр естілді. Іле бір топ елік, құлақтары қалқылып, атылып барып, тікірейе тұра қалды да, ойға қарай зымырай жөнелді. Олардың арасындағы жас лақтары да енесінен бір қалыспай томпақтап кетіп барады.

— Міне жер байлығы,— дейді вожатый Тұрар.— Мынау миуалы ағаш, жер бауырлай өскен жидек, жер қайысқан елік, арқар, құлжа. Өзен қандай тамаша! Оған колхозаралық күшті электр станциясы салынды. Аудан картасындағы өзгеріс бұл ғана емес, жүрген сайын әлі көресіндер.

Машина қайта бұрылды да, тік төмен қарай тартты. Қастек қой совхозының Ақсеңгірдегі фермасынан өткен соң қалың ши басталушы еді, бұрын бұл шидің әр түбі сайын бір қоян болатын еді десе артық болмайтын. Ақсеңгірден өте бергенде-ақ басталатын ши енді атымен жоқ. Жайқалып тұрған бидай. Жердің әлпеті өзгеріп, жайнап кетіпті.

Машина бұдан шығып бес-алты километр жүрген соң бір үлкен селоның шеті көрінді. Бұл ең тегіс, ең кең дала — Көкдала жа-

зығында осыдан үш жыл бұрын қараң етіп ештеңе кездеспейтін. Бұған Шәдет таң қалды. Бұл қайдан келген село?

— Бұл — совхоздың жаңа фермасы, — деді отряд вожатыйы!

Бұрын шегірткеден басқа жәндік тіршілік етпейтін бұл шөлде енді халық мекендейтін болған. Совхоз фермасының бұл Көкдала поселогі екі көше болып салыныпты. Тіпті көшелерінде майысып жас тал, теректер өсіп тұр. Бұған су қайдан келді екен?

Олар мұны совхоздан білді. Бұл — тыңға астық ететін ферма екен. Ферма соңғы екі жылда бес мың гектар тың жер игеріпті. Өсірген егіні әрі бітік, әрі биік. Ал балалардың ойлағанындай-ақ мұнда су келтіру ісі аса қыйынға түсіпті. Көкдала тегіс, жазық болғанымен дөңесте. Сондықтан ферманы екі километрдей жанай өтетін Ақсеңгір өзенінен су келтіру тіпті мүмкін емес. Мұны балалар жақсы білетін. Мұнда су Киров колхозының Тарап поселогындағы «Алтын-арық» — сабасынан әкелініпті. Суды арықты кемерлете жүргізіп отырып, дөңге шығарған. Бұл — аудандағы ең ұзын тоған. Оның ұзындығы жыйырма бес километр.

Бұдан төменірек — өзенге жақын жерге тағы бір поселок орнап қалыпты. Бұл да соңғы жылдарда істелген жұмыстардың нәтижесі екен. Бұл — түрлі жеміс, құрылыс ағаштарының көшетін өсіретін питомник. Мұндағы тұрғындарға жақсы үй, клуб салынған. Бастауыш мектеп те бар.

Шәдет Рысмендиев осы азғана уақыттың ішіндегі бұл өзгеріске сенер-сенбесін білмей аң-таң. Бірақ аудан картасындағы өзгерістер мұнымен біткен жоқ. Басқа өзгерістерді ол осыдан екі күн кейін ауданның Қарақастек МТС-і жағын аралағанда көрді.

Өзен бойын қуалап жүріп отыратын жол біраз жоталап кетті де, балалар қатты ыстықтады. Содан соң жол өзен жағасына қайта оралғанда машина кілт тоқтады. Бұрын мына қатар жатқан екі қыстақ бір ауылдық Совет атқару комитетіне қарағанымен, екі бөлек колхоз болатын. Қазір бұл екі колхоз бірігіп, Қаганович атындағы колхоз болған. Екі қыстақтың ортасында бұрын бір ғана кішкене диірмен тұратын. Енді осы диірмен тұрған жерден Құтырған өзенінің алқымы мықтап байланған. Бөгелген су күшімен шағын электр станция жұмыс істейді.

Осы электр станциясы тұрған айналадан балалар тағы бір табиғи өзгеріс көрді. Суға

шомылып жүрген Темір мен Шәдет құрақты жұлып жеп жатқан қоңыр тышқан көрді. Олар мұны бірден біле алмай, Тұрардан сұрады. Бұл Балқаш көлінен Балқашқа құятын өзендерге тараған ондатр екен. Оның терісінен бағалы, жылы киім тігіледі.

Машина Қарақастек өзенінің аңғарына кіре берді. Октябрь су электр станциясынан өткен соң балалар жаяулап жүрді. Таудың шай курайының, рауғашының исі мұрынды жарып барады. Сәл жүргеннен кейін олар бір омартаға жетті. Онда тоқсанға тарта ұя бар екен. Балалар омартамен танысты. Араның «әскери» тәртібін көрді. Осы өзеннің бойына төрт омарта орнапты.

Машина жүйткіп Алматы облысы Жамбыл ауданының Жамбыл облысымен шектес жеріне жетті. Бұл — Жангелдин атындағы колхоз. Бұл айналада Шәдеттің бұрын болғаны жоқ-ты. Қазір бұдан осында орнаған май заводуны көруге келді. Шәдетке, әсіресе қызық көрінгені — осы жерден өтетін Жаманты өзеніндегі бастау. Бұл бастау колхоздан екі километр жерде өзеннің аралында екен. Бастау, қайнар деген көп-ақ қой. Бірақ мына бастаудың өзгешелігі — қатар шығып жатқан екі бастаудың бірі ыстық, бірі суық. Жылы бастаудың суының жылылығы отыз градусқа жетеді. Шәдет осы араның суынан тағы бір ерекшелік байқады. Оның нақ тау бүйірінен шығып жатқан суында жылтылдаған бірдеме байқалады, бірақ ұстауға келмейді. Оның не екенін әрине ешқайсысы дәл біле алмады, дегенмен суда минерал тұзы бар екен деп жорамалдасты.


Қайтар жолда балалар Дегерес совхозының отыз мың гектар тың жері үстімен өтті. Оны көтеру кәзірден қолға алына бастаған. Сонда мұнда да бірнеше фермалар ұйымдастырылатыны сөзсіз.

— Ауданымыз не деген бай! — деп таңдана ойлады Шәдет. — Айналырған үш жылдың ішінде қанша өзгеріс болып кеткен. Мұның бәрі аудан картасына түсетін өзгерістер ғой. Аудан арасындағы саяқаттан осынша нәрсе көрдік, көрмегеніміз қанша?! Егер облысты араласақ ше, республиканы ше?

Шәдеттің тағы да саяқатқа шыққысы келді. Енді облысты, республиканы, тіпті Одақты аралап қайтсам деп еліге түсті...

Б. Қыдырбекұлы.

Жамбыл ауданы.



Балық

Орхан Кемаль,

түрік жазушысы.

Әңгіме

Алтан үйіне аптыға кіріп келіп:

— Мама! Әкем балық сатып әкелуге кетті! — деп алақанын соқты.—Ә-е-ей! Балық, балық жейміз, ура!

Олар шет жақтағы жапырайған үйде тұратын. Алтан жататын бөлмеге төрт басқыштан бір-ақ аттап көтеріліп зып берді. Оның үлкен апасы, матрацтың үстінде төбеге желімдеген газетті ежіктеп оқып жатқанды.

— Тәте,— деді Алтан айғайлап,— әкем, балық сатып әкелуге кетті! — Ол өзінің алты жасар інісінен бір жас қана үлкен еді.

— Шын ба? — деп сұрады ол Алтанға қуана қарап.

— Құдай ақы... Барып, балық сатып аламын деді. Папам жігіт! Мен балықты өте жақсы көремін. Ал сен ше?

— Мен де...

— А, мен сенен де гөрі көбірек жақсы көремін балықты!

— Жоқ, мен көбірек жақсы көремін!

— Жоқ, мен көбірек жақсы көремін!

— Мен көбірек...

— Жоқ, мен.

— Айтып тұрмын ғой, сенен гөрі мен көбірек жақсы көремін деп!

— Ай сенен гөрі мен көбірек жақсы көремін.

— Сен қыз, адамның ызасын келтірме!

Ол булыға жылап мамасына келді.

— Мама, әй мама, айтшы мынау сап-сары шошқаға айтшы!

— Немене әй? не боп қалды тағы?

— Мен сенен көрі балықты жақсы көремін десем, ол — жоқ, мен, көбірек жақсы көремін деп ызамды келтіреді.

Шешесі мұны елең де қылмады. Енді Алтан далаға жүгіріп шығып кетті. Көршінің жеті жасар қызы класс ойнап өзімен өзі болып жүр екен.

— Бүгін біз балық жейміз! — деді Алтан оған.

— Мүмкін, менің папам да бізге балық сатып әкелер,— деп жауап берді ол.

¹ Джейхан — Алдандағы өзен.

Қаракөз, қарақас Фикирені кварталдағылардың бәрі жай ғана Фикир дейтін.

— Әй қойшы,— деді Алтан,— сол сенің әкең не түсінуші еді? Әкелер сол! Күт!

— Өзіңнің әкең түк түсінбейді.

— Әнені қара, түк түсінбейді деуін! Менің әкем шоколад та сатып әкеледі. Менің әкем — финанстың чиновнигі. Тіпті оның газеті де бар. Ал сенің әкеңде ол бар ма?

— Сенің әкең — чиновник-ақ болсын. Ал менікі сауда палатасында — почташы. Әкем мені жеті сайын киноға ертіп барады. Мейрам күндері әткеншек, карусель тепкізеді.

— Тепкізеді-мыш! Менің әкем Джейханға¹ да ертіп апарды...

— А менің әкем бізді таксиге де отырғызады...

— А менің әкем...

Алтанды шешесі шақырды. Ол Фикирді тастап, үйге жүгіріп барды.

— Не, мама?

— Фонтаннан су әкел, байқа, құмыраны сындырып алма.

— Жарайды, сындырмаймын...

Оның әкесінің ұлы шешесі фонтан жанында бір жапырайған үйді жалдап тұратын. Оның жасы сексенде, бетін әжім басқан шалбар-шалбар, шашы аппак. Ол Алтан екеуі еш келісе алмайтын, себебі екеуі де бала. Алтанның ұлы шешесін фонтанның қасынан көрген кезде, көзі жайнап:

— Әкем бүгін бізге балық сатып әкеледі,— деді. Кемпірдің құлағы жөнді ести қоймайтын.

— Не? — деп қайта сұрағанда, оның әжімді жүзі онан бетер қатпарлана түсті.

— Балық! — деді Алтан айғайлап.— Әкем балық сатып әкеледі бізге бүгін!

— О-о! — деді кемпір.— Біз ондайдың талайын көргенбіз! Сенің марқұм ұлы атаң, жатқан жері торқа болғыр, не сатып әкелмейтін еді.

— Әкем балық сатып әкеледі, өйткені мен балықты өте жақсы көремін.



— Әрине, балам, ол сенің әкең ғой, сөз барма, әкеледі.

— Сөз барма, сөз барма, сен оны қайдан білесің, сатып әкеле ме, жоқ па?

— Тағы бастадың ба? Тұрпайы!

— Сен өзің тұрпайысың! Саған балықты бермейміз, әне сол!

Кемпір ашуға булығып:

— Сенен кім балық сұрады, боқмұрын? Мен өз өмірімде оның қаншасын көргенмін.

— Қаншасын көргенмін, көргенмін... Осы сенің әкең бар ма өзі, балық сатып әперетін?

— Жерден шықты деймісің! Менің арғы атам кезінде білікті адам болған. Өз үйіміз бар-ды, думан болатын да жататын. Жаңғақ, пісте, бадам дейсін бе-ау... Біз көрмеген не бар? Міне солай, балам!

Мен сенің балаң емеспін, менің өз әкем бар. Әкем балық сатып әкеледі маған. Мам да осы бір оңбаған кемпір ылғый ызамды келтіреді де отырады дейді. Менің мамның ерінін бояғанында сенің қанша шаруаң бар?

— Кім? Сенің шешең бе? Мені оңбаған дейтін?

— Я, сол... Ал, әкем: осы кемпірге айсайын жыйырма лир төлеуден ығыр болдым дейді.

— Әй, сенің әкең сөйдейді де, ә! —

Алтан аузын қыйсаңдатып, кемпірді:

— Әй, сенің әкең айтады, сөйдеді де, ә! — деп мазақтайды.

— Егер аузың қыйсайып кетсе, ұстаға бар, түзетіп береді, — деп мінгірлейді кемпір. Ой, Алтанды қойдыру қайда.

— Қыйсайып кеткен сенің өз аузың, ұстаға сенің өзің бар, сенікін түзеп берсін!

Кемпір жерден тас алмақ боп енкейе бергенде Алтан қашып барып, анадайдан:

— Оһо, оһо! Саған балық бермейміз, бермейміз, бермейміз! — деп айғайлады.

Кемпір Алтанның шешесіне келіп көзінен жасын төгіп:

— Бұл не қызым-ау, балаңды неге тәрбиелемейсің? — деп шағым айтты. Әлгінде ғана күйеуі әкелген балықты тазалап жатқан әйелі:

— Не болып қалды, — деді кемпірге қарамастан.

— Одан біреу сұрап тұрғандай... Саған балық бермейміз дейді... Балықтан көз алмастан, кемпір сөзін жалғастырып, — қайтеміз енді, уақыт осылай! Балық екеш балық та таңсық болыпты! Марқұм тірі кезінде, бәрі де болған, бәрі болғанды, топырағы торқа болсын... Бұлай тазаламайды, қабыршағына қарсы, ұста пышақты, қызым!

Ол жүресінен отырды да, Алтанның шешесінен пышақты өз қолына алды.

Орысшадан аударған Б. Мадиев


ТҮЛКІНІҢ „СЫНЫ“

Құштарлық келіп түлкіге,
Кітапты алды қолына.
Мүдіре қалып ілкіде,
Көз тікті әрбір жолына.
Деп оқыды: «Көпке анық,
Түлкі — айлакер, түлкі — ойлы».

Сонда түлкі мақтанып:
«Жақсы кітап!» — деп қойды.
Тағы оқыды: «Сол түлкі
Тауық ұрлап жепті ғой!»
Сонда түлкі ренжіп:
«Мылжың кітап!» — депті ғой!

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ.

Ұйқы және түс көру



XIX ғасырдың екінші жартысына дейін ғалымдар адам мыйының қызметін дененің басқа органдарының (бауыр, бүйрек, жүрек т. б.) қызметіндей ғылыми жолмен зерттеп шешуге болмайды деп түсіндіріп келді.

Орыс ғалымы И. М. Сеченов 1863 жылы «психикалық қызметтің негізінде рефлекс жатыр» деген зор жорамал жасаған болатын.

Сеченовтың бұл пікірін әрі дамыта түскен академик И. П. Павловтың ілімі бойынша ұйқы, түс көру және гипноздық құбылыстар орталық нерв жүйесінің — мыйдың қызметіне байланысты. Сондықтан адамның нерв жүйесінің құрылысына қысқаша тоқтай кетелік.

Орталық нерв жүйесі жұлын мен мыйдан құралады. Жұлыннан омыртқа аралығындағы саңылаулар арқылы 31 жұп жұлын нервтері, ал мыйдан бас сүйегіндегі ерекше саңылаулар арқылы 12 жұп мый нервтері шығып адамның барлық денесі мен ішкі органдарына тарайды.

Атқаратын қызметіне қарай нервтер сезім және қозғағыш нервтері болып екіге бөлінеді. Орталық нерв жүйесі өзінің организм өміріндегі шешуші ролін осы нервтер арқылы жүзеге асырып отырады.

Мый сыңарлары үстіңгі жағынан көгілдір, астыңғы жағынан ақ заттардан тұрады. Көгілдір заттар — нерв клеткалары, ақ заттар — нерв талшықтары. Осы талшықтардан жоғарыда айтылған нервтер құралады.

И. П. Павлов мыйдың қызметін зерттегенде шартты рефлексдер әдісін қолданды. Ол мый сыңарларының қабаты — шартты рефлексдерді болдырып, керексіз жағдайда оларды жойып отыратын орталық нерв жүйесінің ең жоғарғы орны екенін ғылыми жолмен айқып көрсетті.

Мый қызметін зерттеудегі ғылыми еңбектерін жыйнақтай келіп, Павлов орталық нерв жүйесінің негізгі жұмысы қозу мен бөгелу құбылыстарынан тұратынын айтты.

Бұл екі құбылыс мый қабаты клеткаларында үнемі жүріп, бірінің тууына екіншісі себепкер болып отырады. Қозу құбылысы кезінде мый клеткалары қызу қызмет істейді, бұл кезде нервтердің де қызметі күшейе бастағандықтан дененің барлық органдары жақсы жұмыс істейтін болады. Ал, бөгелу құбылысы да мый клеткаларының қызу жұмысына жатады. Бірақ бұл кезде мый клеткалары — нервтер дем алады. Сондықтан дене органдарының да жұмыстары бәсеңдейді, сөйтіп бұл кезде организм дем алады. Міне, жоғарыда айтылған қозу мен бөгелу құбылыстарының бір-бірімен ауысып отыруы жануарлар мен адамның өмірінде ұйқы мен сергектік мерзімінің ауысып тұруын қамтамасыз етеді.

Ғылыми жолмен қарағанда, ұйқы бес түрге бөлінеді. Соның бірі — мезгілді, күнделікті ұйқы.

Біз бұл әнгімемізде ұйқының осы түріне ғана яғни күнделікті ұйқының қалай пайда болатынына

ғана тоқталмақпыз, өйткені организм өмірінде бұл ұйқының маңызы өте зор.

Ұйқы құбылысы өте күрделі құбылыс. Бұл құбылыстың сырын алғаш рет ғылыми жолмен шешкен академик И. П. Павлов.

Күнделікті табиғи ұйқы мый клеткалары мен мый астындағы нерв талшықтарының қызметінің бөгелуінен пайда болады. Ал, бөгелу құбылысының пайда болуы сыртқы және ішкі шіміркендіргіштердің мый клеткаларына тигізетін әсеріне байланысты.

Адам ояу (сергек) кезінде әртүрлі жұмыстар істейді: сезім мүшелері арқылы әр нәрселерді көреді, түрлі дыбыстарды естиді, иістерді айырады — мұның бәрі де мый қабаты клеткаларын шіміркендіріп және нервтердің қызметін күшейтеді. Жұмыстың күшеюінен қан арқылы органдарға ауысып отыратын қоректік заттар азаяды. Осыдан барып, біріншіден қоректік заттардың мый клеткаларына қан арқылы аз келуінен, екіншіден бұл клеткалардың шаршауынан, мый клеткаларында қозу орнына бөгелу құбылысы туады. Осы бөгелу құбылысы бірте-бірте мый клеткаларының көпшілігіне және мыйдың астыңғы бөлігіне кең тарауынан барып организм ұйықтайды. Ұйқы кезінде организмнің барлық органдарының атқаратын қызметі оның ояу кезіндегісінен едәуір бәсеңдейді.

И. П. Павловтың ілімінше, ұйқының физиологиялық негізіне мынадай қортынды жасауға болады:

1. Ұйқы — мый клеткаларына түгел таралған бөгелу құбылысы.
2. Ұйқы — мый клеткаларын қажудан, бұзылудан сақтайтын қорғаныс реакциясы.
3. Тек ұйқы кезінде ғана мый клеткалары толық дем алады, қоректік заттарды толықтырады. Сонымен бірге организмнің қуатын, жұмысқа қаблеттілігін қалпына келтіреді.

Енді түс көру және оның физиологиялық негізіне келелік.

Түс көру құбылысы да мый клеткаларының қызметіне байланысты.

Жалпы алғанда қатты ұйықтаған адам түс көрмейді, себебі қатты ұйқыда бөгелу құбылысы терең және кең жайылып мыйдың барлық клеткаларын қамтыйды. Сондықтан мыйдың түс көру құбылысы болатын бөліктерінің қызметі түгелінен тоқтайды.

Түс көру — ойлаудың бір түрі, бірақ толық бағалы түрі емес — өзгерген түрі, сондықтан түс көру,

көбінесе, таңқаларлықтай, шындыққа жанаспайтын-дай үзінді сыйпатындағы ойлау болып табылады.

Табиғи ұйқы кезінде мыйдың кейбір орталықтары тоқтамай жұмыс істейді. Бұл орталықтардың адам өмірінде де, түс көру құбылысында да маңызы бар.

Ұйықтап жатқан адам ояу кезінде көңіл бөлмеген түрлі дыбыстарды естіп сезбейді. Ал, ояу кезінде көңіл бөлінген дыбыстар қанша ақырын шықса да, ұйқыдағы адамның сезім нервтері оны дереу қабылдап, адам оянып кетеді. Мысалы, емшектегі науқас баласы бар ана радионың даусын, я болмаса ашық тұрған терезеден естілген түрлі дыбыстарды сезбей, ұйықтай береді. Ал, ауру баласы қыбыр етсе болды, қанша қатты ұйықтап жатса да кенеттен оянып кетеді.

Екіншіден, бұл үнемі жұмыс істей беретін мый орталықтарының бір-бірімен байланысы болып тұруы табиғи нәрсе. Бұл байланыстардың түс көруде, әсіресе түске бірнеше нәрселердің көрінуінде үлкен орын алады. Сондықтан мый клеткаларындағы үнемі тоқтамай жұмыс істей беретін сергек орталықтар неғұрлым көп шіміркенсе, түс көру де соғұрлым басым болады.

Түс көрудің бір себебі: қоршаған төңіректен және ішкі органдардан пайда болатын шіміркендіргіштердің ұйықтап жатқан адамның мыйына өзгерген түрде келіп енуі. Қорқынышты ауыр түстер көбінесе ұйықтап жатқан адамның жүрек қызметінің ауырлауынан болады.

Түс көрудің негізгі себептері адамның ояу кезінде есінде сақталып қалған ой-пікірі, әсері, көрген, кездескен заттары, естіген, сөйлеген сөздері, тағы сол сықылды оқыйғалардан құралады. Қысқаша айтқанда, өмірімізде кездескен табиғаттағы заттар мен өзгерістер біздің мый клеткаларымызда із қалдырады. Ұйықтап жатқанда жоғарыда айтылған оқыйғалардан із қалған нерв клеткалары әртүрлі себептермен шіміркеніп қозады. Міне, осы қозуға байланысы бар бейнелермен әсерлер ұйықтап жатқан адамның санасына түсінде елестейді. Бұған қарағанда, түс тек адамның өмір әрекетінде кездескен уақығаларын болмаса ойларын елестетеді.

Сондықтан көрінетін түстің көбі адамның күнделікті атқаратын жұмысына, оңайлау ойына байланысты келеді. Мысалы, суретші түсінде салып жатқан суретін я бітірген, я бітірмеген түрінде көреді, оқушылар емтихан тапсы-

рып жүреді, жұмысшы завод пен станогін, бірге істейтін жолдастарын көреді...

Кейбір түстер адамның физиологиялық жағдайына байланысты болады. Мысалы, аш адам түсінде әртүрлі тамақтарды ішіп, жеп жүргенін көрсе, шаршап шөлдеген адам бұлаққа келіп, су ішуге еңкейе бергенде, оны біреу кенет түртіп жібергеннен шошып оянып, су іше алмағанына сондай қатты өкінеді.

Жалпы алғанда, жоққа сенуші, дінге берілген адамдар көрген түстерін я өздері, я болмаса басқа біреулерге айтып жорытады. Егер түсті жақсылыққа жорыса қуанып, жаманшылыққа жорыса ренжиді. Кей біреулер «Адамның түсі оңбай ісі оңбайды» деп мақал да айтады. Мұның бәрі де — түс көру құбылысына түсінбеушілік, бұл құбылысқа діни ұғым көзімен қарау, жоққа сенушілік. Бұдан адам зыян ғана көреді.

Сеченовтың түсіндіруі бойынша, түс көру — алынған әсерлердің адам айтып жеткісіз өзара ұштасуы. И. П. Павловтың айтуынша, түс көру мый клеткаларында бұрынғы шіміркендіргіштерден қалған іздердің ойламаған жерден кенет пайда болатын байланыстары болып табылады.

Айтылғандарға қарағанда, көрген түс адамның өмір жағдайында ешбір өзгеріс жасамайды, өмірдің тағдырын адамның өзі, еңбекпен ғана шешеді.

Ал, ұйқы — демалудың ерекше, ең пайдалы түрі болғандықтан адам тәулігіне қанша ұйықтауы керек? — деген сұрақ туады.

7 ден 12 жасқа дейінгі бала 10 сағат, 12 ден 16 жасқа дейінгі балалар 8, 5—9 сағат ұйықтауы қажет. Мұнымен қатар балалардың күндіз де бірер сағат ұйықтауы керек. Қанық ұйықтау үшін ұйықтар алдында 1,5—2 сағат бұрын өзін қобалжытатын әдебиет шығармаларын оқымай, ауыр ой еңбегін — сабаққа әзірлігін тоқтату керек. Мұнымен қатар, кешкі тамақ шамалы мөлшерде және бойға тез сіңетіндей болып ұйқыдан ең кемі 1,5—2 сағат бұрын ішілуі қажет. Ұйықтағанда басты үнемі ашық, аяқты жылы жауып жатуға дағдыланып, оянысымен қолма-қол тұрып, гимнастика жаттығуларын жасап, суық сумен жуынып, барлық денені ысып, бірден жұмысқа я болмаса оқуға кірісу — ең пайдалы іс.

О. ЖҰМАЖАНОВ,

медицина ғылымдарының кандидаты.

ДІНГЕ ҚАРСЫ АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

«Дін — дерт, уын жаяды,
Сақта одан баланы». (орыс мақалы).

«Қалыңға құсың түспесін,
Бақсыға ісің түспесін».

«Сопы сұмнан шығады».

«Қыйсық арба жол бұзар,
Дүмше молда ел бұзар».

«Тентек молда — телмірген өгіз».

«Өлеңді жерде өгіз семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді».

«Шала молданың сәлдесі зор».

«Аңқау елге — арамза молда».

Мұқабаның бірінші бетіндегі «Жас техниктер», төртінші бетіндегі «Қыйын есеп» суреттерін салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А.,
Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».


Подписано к печати 21/IX 1954 г. УГ10372. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 15300
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1447.

Гос. пуб. б-ль
755384

Режиссер УАҚЫТЫНА



РЕБУС



Бұл ребусты шешкенде дінге қарсы айтылған қазақ жұмбағы шығады.

Жасаған Т. Байсақалова.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылғы 7-номеріндегі түрлі жұмбақтардың шешуі.

«КРОССВОРД»

Тігінен оқығанда:

1. Фучик. 3. Кубок. 4. Тибет. 6. Туран. 7. Қазақ. 10. Обручев. 11. Блантер. 12. Кашалот. 16. Қит. 17. Ара. 18. Рим. 19. Жаз. 23. Ненец. 24. Бидай. 28. Попов. 29. Носов. 32. Сазан.

Көлденеңінен оқығанда:

2. Куб. 5. Клубин. 8. Кулон. 9. Севан. 13. Абхаз. 14. Ала. 15. Хасан. 20. Синус. 21. Франция. 22. Сағат. 25. Терек. 26. Жер. 27. Мирон. 30. Перов. 31. Қодас. 33. Лобанов. 34. Тас.

«ШАХМАТ»

- Л h 4, + gh +
- Кр f 4, g5 +
- Кр f 5, g4
- hg x

«БҮЛ ҚАНДАЙ НАҚЫЛ СӨЗ»

«Қайталау — оқу анасы».

«РЕБУС»

«Байлықтың атасы — еңбек, анасы — жер».

«ШАХМАТ»

- Ф a2, d2
- Ф в3
- св 6 x
- 1... Кр. в4
2. Кр. с6, d2
3. С a 5

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Т. Мауданов (Қостанай облысы), А. Рысқұлов (Қарағанды), Ч. Зұлқашев (Алматы), Б. Серікбаев, Е. Естанов (Созақ ауданы), Қ. Нұршекенов (Ырғыз ауданы).


ЖҰМБАҚТАР

Қаттама ақ, бүйірі тоқ.
Жерден алар қорегі көп.
Киетіні қызыл, жасыл көйлектер.
Ол не екен? Кәне, достар, ойлап көр.

Үйіме, мәңгі қайтпайтын
Қонақтар күнде келеді
Іздесе адам таппайтын
Жаңалық айтып береді.

Нұрдаулет Байсеркеев,
Балқаш ауданы.

ШАХМАТ



Мына ойында екі жүрісте мат қою керек. Бұл ойынды Венгрияның композиторы Ф. Флек жасаған.

ПИОНЕРЛЕР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА
АРНАЛҒАН ӘДЕБИ ЖУРНАЛ

„ПИОНЕРГЕ“

1955 жылға жазылу
қабылданады.

Журналға Союзпечатьтың барлық киоскалары мен почта бөлімдерінде жазылуға болады.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Бір жылға — 12 сом.

6 айға — 6 сом.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

ПР. ДЕНИНА 11
ГОС. ПУБ. БИБ. КЕ
2 1.12

3

$$\frac{1}{4} + \left[\left(23 \frac{37}{45} + 5 \frac{7}{30} \right) - 20 \right]$$

